

АҚКК Біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2023

САЛЫҚТАР

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады..

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға соған арнап арнайы бөлінген орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 23 балл	30 – 36 минут
2-тапсырма, 22 балл	30 – 36 минут
3-тапсырма, 15 балл	20 – 24 минут
4-тапсырма, 40 балл	<u>80 – 84 минут</u>

Уақыттың жиыны: 160 – 180 минут

Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК компаниясының рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (23 балл)

ҚР резиденті «Дебют» компаниясы (бұдан әрі - Компания) салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданады және есеп саясатына сәйкес бухгалтерлік есепті ҚЕХС-ға сәйкес жүргізеді.

Компанияның 2023 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша **Пайда мен залалдар туралы есепте** мынадай көрсеткіштер көрсетілген:

- 600 000 000 теңге мөлшеріндегі өнімді сату мен қызмет көрсетуден түскен табыс;
- 200 000 000 теңге мөлшеріндегі қаржыландырудан түскен табыс;
- 100 000 000 теңге мөлшеріндегі өзге табыстар;
- **Табыстың жиыны 900 000 000 теңге.**
- 300 000 000 теңге мөлшеріндегі сатылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша

шығындар;

- 25 000 000 теңге мөлшеріндегі амортизациялық аударымдар;
- 120 000 000 теңге мөлшеріндегі несие бойынша сыйақылар түріндегі қаржыландыруға

шығындар;

- 88 000 000 теңге мөлшеріндегі өзге шығындар;
- **Шығыстардың жиыны 533 000 000 теңге.**
- **Салық салуға дейінгі пайда 367 000 000 теңге.**

1-кестеде 2023 жыл бойы жүзеге асырылған шаруашылық операциялар **тізімделген**, олардың есебімен Жиынтық табыс салығын (бұдан әрі - ЖТС) және корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі - КТС) есептеу үшін **шегерімдерді** есептеу қажет.

1-кесте

1-операция	Өнімді сатудан түскен табыста сонымен бірге 2023 жылғы 10 ақпанда сатып алушылардан сатылған өнімнің 3 000 000 теңге мөлшеріндегі қайтарылу операциясы ескерілді. Компания қайтаруға минус белгісімен қосымша ЭШФ жазды, онда СК-нің 420-бабы мен ЭШФ-ны толтыру ережелеріне сәйкес сату бойынша айналым күні 2022 жылғы 26 желтоқсанда жасалғанын көрсетті.
2-операция	Қаржыландырудан түскен табыста сонымен бірге өздері бойынша 30 000 000 теңге мөлшеріне сауда-саттық болған Қазақстан қор биржасының ресми тізімінде осындай дивидендтерді есептеу күніндегі бағалы қағаздар бойынша дивидендтер алумен байланысты операция көрсетілген.
3-операция	Басқа кірістердің құрамында 20 000 000 теңге мөлшерінде аяқталмаған құрылыс объектісін сатудан түскен табыс көрсетілген.
4-операция	Басқа шығыстардың құрамында 18 000 000 теңге мөлшерінде аяқталмаған құрылыс объектісін сатудан түскен шегірім бойынша шығыстар көрсетілген.
5-операция	Сатылған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша шығыстарда 10 ақпанда сатылған өнімнің қайтарылуы ескерілді, сондай-ақ өнімді қайтарумен байланысты болмайтын сатып алынған жұмыстар мен қызметтер көрсетілді: <ol style="list-style-type: none"> 1) ҚР резидентінде – өзара байланысты тарапта 50 000 000 теңге мөлшеріндегі инжинирингілік қызметтер түрінде 2) ҚР бейрезидентінде – өзара байланысты емес тарапта 10 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі жарнама қызметтері түрінде, мұндағы 100% алдын-ала төлем күніне қатысты бағам 470 теңге/АҚШ доллары, ОЖА-ға қол қоюға қатысты бағам 472 теңге/ АҚШ доллары. 3) ҚР бейрезидентінде – байланысты тарапта 15 000 еуро мөлшеріндегі аудиторлық қызметтер түрінде, мұндағы көрсетілген қызметтер бойынша ОЖА-ға қол қою күніне қатысты бағам 500 теңге/еуро, ал бейрезиденттің қызметінің ақысын төлеу күніне қарсы 502 теңге /еуро.
6-операция	Салықтық есепке алу бойынша амортизациялық аударымдар «Тұрақты активтер» (бұдан әрі - ФА) салықтық тізіліміне сәйкес 20 000 000 теңге соманы құрады.
7-операция	Компания 2022 жылы «ҚР банкі» АҚ-мен (өзара байланысты емес тарап) несие

	шарты бойынша ай сайын 10 000 000 теңге мөлшерінде сыйақылар төлеп отыруы тиіс. Жыл бойы банкке 130 000 000 теңге мөлшерінде сыйақы, соның ішінде 2022 жылы есептелген шектерде 20 000 000 теңге мөлшерінде сыйақылар аударылған болатын.
--	---

Қажет етіледі:

1.1. Әрбір көрсетілген операция бойынша **салық салу мақсаттары үшін** Компанияның бухгалтерлік есебінде танылған кірістер мен шығыстардың сомаларын азайту (-) және/немесе ұлғайту (+) сомаларын көрсетіңіз. **Егер операция кірістер мен шығыстардың сомасына әсер етпесе және бухгалтерлік және салықтық есепке алу арасында айырмашылық туындамаса, жауапта 0 теңге деп көрсетіңіз.**

Азайтуды немесе ұлғайтуды ескерумен, Компанияның бухгалтерлік есебіндегі ЖЖТ-да кірістер деп танылатын және салық есебінде КТС-ны есептеу үшін шегерімге жатқызылатын кірістер мен шығыстарды есептеңіз.

1.1.1 № 1 операция бойынша ЖЖТ үшін сатудан түскен табыс.

1.1.2 № 2 операция бойынша ЖЖТ үшін қаржыландырудан түскен табыс

1.1.3 № 3 және 4 операциялар бойынша ЖЖТ үшін құн өсімінен түскен табыс.

1.1.4 № 3 және 4 операцияларды ескерумен өзге шығыстар бойынша шегерім.

1.1.5 5-операцияны ескерумен сатылған тауарлар, жұмыстар және қызметтер бойынша шегерім.

1.1.6 № 6 операция бойынша тұрақты активтер бойынша шегерім.

1.1.7 № 7 операция бойынша сыйақы бойынша шегерім.

1.2 Компания 2023ж. КТС бойынша декларацияда көрсететін есептелген соманы есептеңіз:

1.2.1. түзетулер есебімен ЖЖТ.

1.2.2. Шегерімдердің жиыны.

1.2.3. Салық салынатын табысты (ССТ) кірістер мен шегерімдердің түзетулерін ескерумен есептеу.

1.2.4. Азаю есебімен ССТ.

1.2.5. Есептелген КТС.

2-ТАПСЫРМА (22 балл)

«К» компаниясы – ҚР резиденті, салық салудың жалпыға бірдей тәртібін қолданады, ҚҚС төлеушісі болып табылады және ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолданады.

Есептік тоқсан ішінде Компания тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатады, олардың сатылатын жері ҚР Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Бұл ретте барлық бастапқы құжаттарды (соның ішінде электронды шот-фактураларды) компания мен қарсы агенттері тиісті түрде және уақытында ресімдеп тіркеген болатын.

2023 жылдың 2-тоқсанында компания 2-кестеде көрсетілген шаруашылық операцияларды жүзеге асырды.

Егер өзгеше көрсетілмесе, операциялар бойынша сомалардың барлығы **ҚҚС есебінсіз** келтірілген.

2-кесте

1-операция	<p>Компанияның қойма есебінде 2023 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша 1-тауардың қалдығы көрсетілген – 2 200 теңгеден/бірл. 120 бірлік.</p> <p>2023ж. 2-тоқсаны ішінде жеткізушіден 1-тауар сатып алынды – 2 800 теңгеден / бірл. 3 200 бірлік (соның ішінде ҚҚС).</p> <p>2023ж. 30 маусымдағы жағдай бойынша компанияның қойма есебінде 1-тауардың қалдығы ескерілген – 320 бірлік.</p> <p>1-тауардың сатылу бағасы 5 000 теңге/бірл. Құрады.</p> <p>Компания қорларды шығынға жазудың орташа салмақталған әдісін қолданады.</p> <p>Тауардың бағасын есептегенде жиынтық сомаларды бүтін санға дейін дөңгелектеңіз.</p>
2-операция	<p>2023ж. 17 маусымда Компания Өзбекстанға экспортқа 2-тауардың 2 100 бірлігін әр бірлігі үшін 50 еуро бағамен тиеп жіберді, бұл тауар бұрын (29.03.2023ж.) қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы 14 560 теңге /б. (с.і. ҚҚС) бағамен сатып алынған болатын. 2023 жылғы 18 маусымда өткізу бекетінде көрсетілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын кесіп өту фактісі ЕАЭО кедендік заңнама талаптарына сәйкес ресімделген Кедендік декларациямен (КД) расталды. Сонымен қатар ҚР Салық кодексінің 380-бабымен қажет етілетін барлық растаушы құжаттар көрсетілді.</p> <p><i>Валюта бағамдары:</i></p> <p>29.03.2023ж. бойынша – 457,00 теңге / еуро</p> <p>17.06.2023ж. бойынша. – 451,75 теңге / еуро</p> <p>18.06.2023ж. бойынша. – 448,20 теңге / еуро</p> <p>17.06.2023ж. компанияның валюталық шотына 2-тауарды сатудан 105 000 еуро түсім түсті.</p>
3-операция	<p>2023ж. 12 мамырда швейцариялық «Льовит» фирмасымен Швейцарияның аумағында «К» компаниясының жарнама қызметтерін көрсету туралы шарт жасалды. Шарт бойынша жарнама қызметтерінің құны - 5100 Еуро.</p> <p>Жарнама қызметтерін қабылдау-тапсыру актісіне 2023ж. 11 маусымда қол қойылды, ал қызметтердің 50 % көлеміндегі алдын-ала төлемі бейрезидентке 2023ж. 27 мамырда аударылған болатын. Қалған бөлігі қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күні төленді.</p> <p><i>Валюта бағамдары:</i></p> <p>12.05.2023ж. бойынша - 485,09 теңге/ еуро</p> <p>27.05.2023ж. бойынша – 478,35 теңге / еуро</p> <p>11.06.2023ж. бойынша. – 479,4 теңге / еуро</p> <p>Компанияның дербес шотында бейрезидент үшін ҚҚС-ның 150 000 теңге артық төлем сомасы ескерілді.</p>
4-операция	<p>«К» компаниясы 2023ж. 06 маусымда «ААА» ЖШС-дағы қатысу үлесін 12 000 000 теңгеге сатты, оны 2018 жылы сатып алуға кеткен нақты шығындар 8 000 000 теңгені құраған. Бұл инвестиция «К» компаниясында ҚЕХС-ға сәйкес</p>

	оның өзгеруін пайда мен залалдар туралы есеп беруге жатқызумен, әділ құн бойынша есепке алынды. Сату күніне қарсы инвестицияның баланстық құны 10 500 000 теңге құрады.
5-операция	2023ж. 28 сәуірде «К» компаниясы жеткізушіге одан 2019ж. қыркүйекте сатып алған тауарлар үшін 2 800 000 теңге мөлшерінде (соның ішінде ҚҚС) төлем жасады, бұл тауарлар бойынша ҚҚС бұдан бұрын есептен шығарылған болатын. Сатып алған тауардың құны 3 800 000 теңге (соның ішінде ҚҚС) құрады. Келіспеушіліктер хаттамасына 2023ж. 29 наурызда қол қойылды.

Қажет етіледі: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Жауаптарды арнайы формаға – жауаптар парағына енгізіңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделеді.

Әр операция бойынша Сізге мынадай тапсырмаларды орындау қажет:

2.1 2023ж. 2-тоқсаны бойынша салықтық декларацияда көрсетілуі тиіс ҚҚС бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу.

Егер операция салық міндеттемесіне әсер етпесе, жауапта 0 деп көрсетіңіз.

№1 операция.

2.1.1.1 Сату бойынша айналым.

2.1.1.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№2 операция.

2.1.2.1 Сату бойынша айналым.

2.1.2.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№3 операция.

2.1.3.1 Қызметтерді сатып алу бойынша айналым.

2.1.3.2 Қызметтерді сатып алу бойынша айналымнан ҚҚС.

№4 операция.

2.1.4.1 Сату бойынша айналым.

2.1.4.2 Сату бойынша айналымнан ҚҚС.

№5 операция.

2.1.5.1 Түзету сомасы.

2.1.5.2 Түзетуге жататын ҚҚС.

2.2 2023ж. 2 тоқсанында ҚҚС үшін жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның үлесін анықтаңыз.

- а) 100 %
- б) 83,88 %
- в) 93,94 %
- г) 97,64 %

2.3. 2023ж. 2-тоқсанында есепке жатқызуға рұқсат етілген ҚҚС сомасын есептеңіз.

- а) 1 324 554 теңге
- б) 1 553 393 теңге
- в) 1 302 986 теңге
- г) 422 730 теңге

2.4. 2023ж. 2-тоқсандағы компания қызметінің нәтижелері бойынша бюджетке төленетін ҚҚС сомасын анықтаңыз.

- а) 726 607 теңге
- б) 497 014 теңге
- в) 1 377 270 теңге
- г) 475 446 теңге

3-ТАПСЫРМА (15 балл)

1-ОПЕРАЦИЯ

Компанияда 5 жылдан астам уақыт жұмыс істеген қызметкерге айына 250 000 теңге мөлшерінде жалақы есептелді. Аталған қызметкер тек осы компанияда жұмыс істейді және ол жыл сайын 14 АЕК мөлшерінде стандарттық салық шегерімін қолдануға өтініш береді.

Компания қызметкердің 16 жасқа толмаған балаларға арнап 150 000 теңге мөлшерінде лагерьдің ақысын төледі.

Есептік кезеңде қызметкерге қызметкерді басқа жерге жұмысқа ауыстыру не жұмыс берушімен бірге басқа жерге көшу кезінде 650 000 теңге мөлшерінде күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге жол жүру, мүлікті тасымалдау, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша құжаттамамен расталған шығыстардың өтемақысы қосымша төленді.

Анықтамалық ақпарат: АЕК -3 450 теңге; АЖ – 70 000 теңге.

Қажет етіледі: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Аралық есептеулер мен қорытындыларды үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектеңіз.

3.1. Келесі көрсеткіштерді есептеңіз:

3.1.1 қызметкердің түзетулер мен шегерімдерге дейінгі кіріс сомасын.

3.1.2 қызметкердің әлеуметтік салық салынатын табыстарының сомасын.

3.1.3 ЖТС-ны есептеу кезінде табысты түзету деп танылатын соманы.

3.1.4 бюджетке төленетін әлеуметтік салықты.

3.1.5 ЖТС есептеу кезіндегі жағдайға қарай қолданылатын шегерімдер.

2 - ОПЕРАЦИЯ

Қызметкер компанияға айдың соңында, еңбек шартына сәйкес 150 000 теңге мөлшерінде жалақымен қабылданды. Бір айда ол бір айға арналған өндірістік күнтізбеде белгіленген 22 жұмыс күнінің 5 жұмыс күнін істеп шықты.

Қажет етіледі: Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Аралық есептеулер мен қорытындыларды үтірден кейін екі белгіге дейін дөңгелектеңіз.

3.2. Келесі көрсеткіштерді есептеңіз:

3.2.1 есептелген әлеуметтік салықты.

3.2.2 әлеуметтік аударымдардың сомасын.

3.2.3 бюджетке төленетін әлеуметтік салықты.

4-ТАПСЫРМА (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

4.1. Егер халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, онда салықтық құқықтық қатынастарда төмендегілердің ережелері қолданылады:

- а) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің;
- б) шет мемлекет ратификациялаған халықаралық шарттың;
- в) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың;
- г) шет мемлекетінің Салық кодексінің.

4.2. Берілген жауаптардың қайсысында салық пен бюджетке төлем көрсетілгенін көрсетіңіз:

- а) радиожилілік спектріне салынатын салық және орманды пайдалану ақысы;
- б) әлеуметтік салық және цифрлық майнинг үшін төлем;
- в) акциз және жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы төлемдері;
- г) халықаралық байланыс пен цифрлық майнинг салығы.

4.3. Қандай құжатқа сәйкес салықтар мен төлемдер тиісті бюджеттердің кірістеріне түседі?

- а) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі мен Салық кодексіне сәйкес;
- б) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі мен Бюджеттерді үлестіру ережелеріне сәйкес;
- в) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі мен Республикалық бюджет туралы заңға сәйкес;
- г) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі мен Мемлекеттік мүлік туралы заңға сәйкес.

4.4. Бірлескен қызмет туралы шарт бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде (заңды тұлға құрмай бірлескен қызмет туралы шартқа екі және одан да көп қатысушыны көздейтін) салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер Салық кодексінде айқындалған тәртіппен есепке алынады және оларға салық салынады:

- а) шарттың әрбір қатысушысынан жеке түрде;
- б) уәкілетті өкілден жиынтықта;
- в) уәкілетті өкілден пропорцион түрде;
- г) оператор белгілеген шарт қатысушысынан.

4.5. Ұзақмерзімді келісімшартқа төмендегі келісімшарт (шарт) жатады:

- а) келісімшарт бойынша көзделген сату басталған екі тоқсаннан аспайтын уақытта аяқталған сату туралы шарт;
- б) келісімшарт бойынша көзделген сату басталған салықтық кезең ішінде аяқталмаған сату туралы шарт;
- в) келісімшарт бойынша көзделген өндіріс басталған салықтық кезең ішінде аяқталмаған өндіріс туралы шарт;
- г) келісімшарт бойынша көзделген өндіріс басталған екі тоқсан ішінде аяқталған өндіріс.

4.6. Компания қаржылық лизинг шарты бойынша негізгі құралды сатуға шарт жасасты. Негізгі құралдың құны 1 000 000 теңгені құрайды. 1 жылдағы лизингтік төлемдердің сомасы 600 000 теңгені құрайды. Мұндай мәміле Салық кодексінің 288-бабының 2-тармағының 1-тармақшасының ережелерін қолдану мақсаттары үшін қалай бағаланады:

- а) қаржылық лизинг деп танылады;
- б) қайталама лизинг деп танылады;
- в) қайталама лизинг деп танылмайды.
- г) қаржылық лизинг деп танылмайды;

4.7. Жеке кәсіпкер арнайы салық режимін қолданып отырды. Ағымдағы жылдың 01 қыркүйегінен бастап жеке кәсіпкер режимді өзгертті. Ол ағымдағы жылдың 3-тоқсанында салықтық есептіліктің қандай түрін ұсынады?

- а) Кезекті;
- б) Бастапқы;
- в) Тарату;
- г) Қосымша.

4.8. Компания есептік кезеңде бухгалтерлік есепке сәйкес негізгі құралдардың құрамында есептелетін жер учаскесін 5 000 000 теңгеге сатты. Учаскені компания 3 жыл бұрын 3 000 000 теңгеге сатып алған. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияда компания өзі алған табысты қандай табыс түріне көрсетуі тиіс екенін көрсету қажет.

- а) Құн өсімінен түскен табыс;
- б) Тұрақты активтің шығуынан түскен кіріс;
- в) Сатудан түскен табыс;
- г) Мүлікті сатудан түскен табыс.

4.9. Компания бейрезиденттен (қаржы ұйымы емес) 1000 доллар көлемінде қарыз алды. Қарыз бойынша сыйақы шартқа сәйкес әрбір есептік күнге қатысты (яғни әр жылдың 31 желтоқсанында) қарыз сомасының 10% мөлшерінде есептеледі. Сыйақы есептік жылдан кейінгі жылдың ақпан айында төленді. Компания есептік жылы қандай сыйақы сомасын шегерімге жатқыза алады?

- а) Есептелген сома шегінде төленген сыйақы сомасын;
- б) Есепті күнге есептелген сыйақы сомасын;
- в) бейрезидент үшін есептелген салықты шегергендегі сыйақы сомасын;
- г) бейрезидент үшін салық сомасын қоса алғанда төленген сыйақы сомасын.

4.10. Компания Қазақстаннан тыс жерлерге іссапарға жіберілетін қызметкерге тәуліктік шығыстарды екі тәулікке 65 000 теңгеден төледі. Ағымдағы жылдың АЕК 3 450 теңгені құрайды. Компания күнделікті шығындардың қандай мөлшерін шегерімге жатқыза алады?

- а) 55 200 теңге;
- б) 41 400 теңге;
- в) 65 000 теңге;
- г) 43 400 теңге.

4.11. Жеке тұлға заңды тұлғаға қатысудың 100% үлесін сатты. Қатысу үлесі жеке тұлғаға 10 жыл бойы тиесілі болып келді. Үлес 1 000 000 теңгеге оң өсіммен заңды тұлғаға - Қазақстан резидентіне сатылды. Табыс салығын төлеу міндеті туындай ма және декларацияда үлесті сату кезіндегі өсім туралы деректерді кім көрсететінін көрсету қажет.

- а) Туындайды, жеке тұлға декларациян өз бетінше ұсынады;
- б) Туындамайды, үлесті сатып алатын заңды тұлға жеке тұлғаның табысын тиісті декларацияларда көрсетеді;

- в) Туындайды, үлесі сатылған заңды тұлға жеке тұлғаның табысын тиісті декларацияларда көрсетеді.
- г) Туындамайды, жеке тұлға декларациян өз бетінше ұсынады;

4.12. Жеке тұлғадан - компания қызметкерінен табысты төлеу кезінде төменде аталған міндетті төлемдердің қайсысы ұсталады?

- а) Зейнетақы жарналары және сыйақылар бойынша салық шегерімі;
- б) Зейнетақы жарналары және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары;
- в) Зейнетақы жарналары және Айлық есептік көрсеткіштің 14 еселенген мөлшері;
- г) Зейнетақы жарналары және Күнгізбелік жыл үшін айлық есептік көрсеткіштің 882 еселенген мөлшері.

4.13. Төменде аталғандардың қайсысы салық салу кезінде табысты түзетуге жатпайды:

- а) қызметтік іссапарлар кезінде, оның ішінде қызметкерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау мақсатындағы өтемақылар;
- б) жұмыс берушінің жұмыскерлерді Қазақстан Республикасында тұратын (болатын) жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жеткізуге байланысты шығыстары;
- в) салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмайтын және салық төлеушіде кемінде үш жыл жұмыс істеуге міндетті қызметкерді оқытуға бағытталған шығыстар;
- г) берілген арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің, оның ішінде оларды жөндеудің, жеке қорғану құралдарының, жуу және залалсыздандыру құралдарының құны.

4.14. Компанияның жұмыстарын, қызметтерін сату жөніндегі айналым құрамына не енгізілуге тиіс?

- а) Қайтарылатын ыдысты жөнелту;
- б) Өтеусіз беру;
- в) Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;
- г) Егер мұндай тауар бірлігінің құны 5 еселенген АЕК-тен аспаса, тауарды жарнамалық мақсатта өтеусіз беру.

4.15. Компания 7 000 000 теңгеге «Өнеркәсіптік ғимараттың құрылысы» нысаналы мақсатымен жер учаскесін сатты. Жер учаскесі 3 жыл бұрын 5 000 000 теңге сатып алынған болатын. Бұл жағдайдағы ҚҚС бойынша салық салынатын айналым мөлшерін анықтаңыз.

- а) 5 000 000 теңге;
- б) 2 000 000 теңге;
- в) 7 000 000 теңге;
- г) 0 теңге.

4.16. Компания - ҚҚС төлеуші ағымдағы жылдың наурыз айында 300 литр 40% арақ пен 5 000 литр шарап сатты. Спирттік ішімдіктер акцизінің мөлшерлемесі 100% спирттің 1 литрі үшін 2 550 теңге, ал шарап үшін – 35 теңге / литрді құрайды. Компания наурыз айында қанша сомада акциз төлейді?

- а) 940 000 теңге;
- б) 765 000 теңге;
- в) 376 000 теңге.
- г) 481 000 теңге;

4.17. Компания ағымдағы жылдың қыркүйегінде қолындағы жүк көлігін сатты. Бұл автомобиль бойынша салықтық мөлшерлеме 5 АЕК көлемінде белгіленді. Ағымдағы жылдағы АЕК - 3 450 теңге. Компания ағымдағы жылы қанша соманың көлік салығын төлеуі тиіс?

- а) 11 500 теңге;
- б) 12 938 теңге;
- в) 17 250 теңге;
- г) 8 625 теңге.

4.18. Экспортқа рента салығын төлеу бойынша салық кезеңіне не жатады:

- а) күнтізбелік ай;
- б) күнтізбелік жарты жыл;
- в) күнтізбелік тоқсан;
- г) күнтізбелік жыл.

4.19. Пайдалы қазбаларды өндіру және техногендік түзілімдерді қайта өңдеу барысында жер қойнауларын пайдалану құқығы үшін төлем қалай аталады?

- а) роялти;
- б) жазылатын бонус;
- в) кен өндіру салығы;
- г) баламалы салық.

4.20. ҚР компаниясы бейрезидент заңды тұлғадан табыс салығы салынатын қызметті алды. 100% мөлшерінде алдын ала төлем жасалды. Орындалған жұмыстар актісі төлем жасалғаннан кейін 3 аптадан соң берілді. Төлем көзінің жанына бейрезидент кірістерінен табыс салығын есептеу үшін валюта бағамын қай күнге алу керек?

- а) Табыс төленетін күннің алдындағы соңғы жұмыс күні анықталған валютаның нарықтық айырбас бағамы бойынша;
- б) Кірісті есептеу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні анықталған валютаның нарықтық айырбас бағамы бойынша;
- в) Салықтық кезеңнің жұмыс күні анықталған валютаның нарықтық айырбас бағамы бойынша;
- г) Кірісті есептеу күнінің алдындағы жұмыс күні анықталған валютаның нарықтық айырбас бағамы бойынша.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ